

8D014 – «Жалпы дамытудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау» бағыты, 6D010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған

Багила Джумабаевна Колдасбаеваның

«Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту»

тақырыбындағы диссертацияға ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі	<p>Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 "Педагог" кәсіби стандартында белгіленген қазіргі заманғы «педагогке қойылатын жаңа талаптарға сәйкес келеді: педагогикалық кәсіптің құндылықтары ретінде анықталған білім алушының жеке басына, оның құқықтары мен бостандықтарына құрмет көрсету; ашықтық; икемділік, бейімделу, эмпатия қабілеті; жеке тұлғаның, тілдің және коммуникацияның құндылықтарын түсіну; өзін-өзі оқыту, аналитикалық дағдылар қарым-қатынас және тілдік дағдылар; ынтымақтастық дағдылары және т.б.». Осы тұста болашақ маманның бойында кәсіби тұрғыда жан -жақты жетілген, нарықтық талапқа бейімделген, бәсекеге қабілетті болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарын даярлау мәселесінің өзектілігі мемлекет сұранысына жауап ретінде шешім екенін анықтайды.</p> <p>Сонымен қатар, зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың</p>

			2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім және ғылым жүйесінің кадрлық әлеуетін дамыту бағытына бойынша нақты шешім ретінде ұсынылады.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылы бекіткен «Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдасына» сәйкес дене шынықтыру және спорт саласындағы білікті кадрлар тапшылығы мәселесін шешуге бағытталған.
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Жоғары және жоғары білім беруден кейінгі білім берудің өзекті мәселелері бағытына» сәйкес келеді, өйткені зерттеуде жоғары білім беру жүйесінде болашақ мамандарды даярлаудың кәсіби маңызды аспектілері қарастырылады.
2	Ғылыми маңыздылығы	2.1. Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады, ал оның маңыздылығы ашылған.	Диссертанттың қол жеткізген ғылыми- практикалық нәтижелері әлеуметтік, гуманитарлық және білім беру саласындағы ғылымға: соның ішінде болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетінің мәнін айқындауда, болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдістемесін әзірлеп, оның тиімділігін эксперимент арқылы тексеру – дене мәдениеті және спорт саласында арнайы теориялық және әдістемелік

			білімдердің дамуына үлес қосады. Себебі автор зерттеу мәселесіне қатысты еңбектерді зерделеу арқылы болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамытуға қатысты теориялық ойларды жүйелеген. Арнайы зерттеулерге талдау жасау негізінде тақырыптың түйінді ұғымы «болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті» түсінігі нақтыланып, құрылымы анықталған. Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандығы бойынша мамандар дайындау үдерісіне алғашқылардың бірі болып болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың моделі әзірленіп, практикаға еңгізілген.
3.	Өзі жазу принципі	3.1. Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары.</u>	Докторанттың диссертациялық жұмысында <u>өзі жазу принципі жоғары</u> деңгейде екенін алынған ғылыми нәтижелермен анықталады. Б.Д.Колдасбаева диссертация жазу барысында ізденіс жұмыстарын терең талдаған, ғылыми мәліметтерді базалық категориялық талдауда өзіндік пікір, пайымдау, тұжырымдау әрекеттерін жүзеге асырған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұны бойынша таңдалған ақпараттар сапасы жағынан дербес, әрі түсінікті тілде, логикалық құрылымды көрсетеді.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген;</u>	Диссертация өзектілігі дәлелді негізделген. Зерттеу барысында диссертанттың мемлекеттік заңнамаларға, жыл сайынғы Президенттің Жолдауларына, мемлекеттік тұжырымдамаларға, арнайы, педагогикалық әдебиеттерге және практикаға жасаған терең талдау нәтижесінде зерттеу мәселесіне қатысты бірқатар қарама- қайшылықтарды анықтаған. Анықталған қарама- қайшылықтар зерттеу

			мәселесінің жылдам әрі уақытылы шешу қажеттілігін көрсетеді.
		4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ;	Зерттеу мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспеден, үш бөлімнен, әр тарау бірнеше параграфтан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Мұндағы диссертация мазмұны зерттеу мәселесі мен жетекші идеясы бойынша диссертация тақырыбын айқындайды .
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ;	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Әрі міндеттердің саны мен реттілігі зерттеу жұмысының мақсатына жетуді қамтамасыз етеді: болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытуды теориялық тұрғыдан негіздеп, әдістемесін жасау және оның тиімділігін эксперименттік жолмен тексеру.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> .	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы, яғни жалпы құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық тұрғыдан толық байланысқан. Бұл ретте диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері тұжырымдық тұтастығымен, зерттеудің негізгі қорытындыларының қисынды бірлігімен сипатталады. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдеп, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін шешуге арналған.
		4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар,	Диссертант зерттеу мәселесі бойынша философиялық, психологиялық, педагогикалық, арнайы еңбектерді сыни

		әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдер мен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u>	талдай білген. Оған дәлел ретінде диссертациядағы (кесте 2 - Шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектеріндегі «Акмеология, акмеологиялық әлеует, акмеологиялық құзыреттілік, акмеологиялық көзқарас» ұғымдарының мазмұндық талдауы; кесте 3 – Болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдіснамалық тұғырлары) және де зерттеу проблемасының негізгі түйіндерін модельге (сурет 13 - Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың моделі) түсірумен негізделеді. Диссертация авторы ғылыми еңбектерге, пікірлер мен тұжырымдарға аналитикалық баға беріп, салыстыру негізінде өзіндік көзқарасын білдіріп, ғылыми ұстанымының қалыптасқандығын білдіреді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1. Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа.</u>	Докторант Колдасбаева Б. диссертациялық жұмысындағы ғылыми нәтижелер мен қағидаттар <u>толығымен жаңа.</u> <i>Бірінші ғылыми нәтижеге жету үшін</i> ізденуші болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту теориялық-әдіснамалық тұрғыдан айқындау толығымен жаңа болып табылады. <i>Екінші ғылыми нәтижеге жетуі</i> ғылыми еңбектерді зерделеуде, категориялық түйінді ойларды сараптамалық талдаудан өткізіп, «болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті» ұғымының мәні мен мазмұны жаңаша ұстанымда нақтыланып негізделуде. <i>Үшінші ғылыми нәтиже</i> болашақ дене мәдениеті және

			<p>спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың моделін әзірлеумен негізделген, толығымен жаңа.</p> <p><i>Төртінші ғылыми жаңалық</i> болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында дәлелденгені және соның негізінде ғылыми ұсыныстар дайындалғаны толығымен жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.2. Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа.</u></p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа, себебі ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген және тәжірибелік эксперимент арқылы дәлелденген.</p>
		<p>5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа.</u></p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <u>толығымен жаңа.</u> Диссертациялық жұмыстың шешімдері заманауи технологияларға негізделген, өзіндік авторлық жолдары ұсынылған.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>6.1. Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> (qualitative reserch және өнертану және гумманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Б.Д.Колдасбаеваның докторлық диссертациясындағы зерттеу қорытындыларының негізділігі бастапқы теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен, философиялық, педагогикалық және психологиялық, дене шынықтыру және спорт саласындағы арнайы әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының зерттеудің қойылған мақсаты мен міндеттеріне жарамдылығымен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің мақсатты үйлесімімен, эксперименттік зерттеу</p>

			нәтижелерін сапалы және сандық талдаудың үйлесімімен тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етілген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	7.1. Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ;	<p>Б.Д.Колдасбаеваның диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарылған төрт қағида толығымен дәлелденген.</p> <p>Бірінші қағида - болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың теориялық – әдіснамалық негіздерін анықтау.</p> <p><i>Болашақ дене мәдениеті мұғалімінің акмеологиялық әлеуетін қалыптастырудың теориялық негізі</i> /«Педагог кәсібилігі: Білім берудегі құзіреттілік тәсілі» атты Халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференциясы, I том, Шымкент 2019ж. -166-170 б. мақала дәлелдейді.</p> <p>Екінші қағида- «Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті» ұғымының мәні нақтылануы:</p> <p><i>Ғылыми зерттеулердегі «акмеологиялық әлеует» ұғымының сипаттамасы. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Психология» сериясы. - 2020. - №3 (64). - С. 51-57 мақалада дәлелдейді.</i></p> <p>Үшінші ғылыми қағида: болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту моделі: Болашақ дене мәдениеті маманының акмеологиялық әлеуеті: мазмұны, дамыту механизмдері. Оқу құралы. Алматы, 2022.-85 бет.</p> <p>«Болашақ дене мәдениеті маманының акмеологиялық әлеуеті: мазмұны, дамыту механизмдері» жұмысына</p>

		<p>берліген Авторлық құқық объектісін мемлекеттік тіркеу туралы куәлік; № 27061. 10.06.2022ж дәлелдейді.</p> <p>Төртінші ғылыми қағида: Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту әдістемесі: Баспадан шыққан «<i>Болашақ дене мәдениеті маманының кәсіби АКМЕ негіздері</i>» атты элективті курсы, Алматы, 2023-26 б.</p> <p>Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту бойынша эксперименттік жұмыстар/ Междунар. науч. - практич. конф. «Жамбыл Жабаев и проблемы национального воспитания в эпоху новых вызовов»- Алматы. - 2021.- С.353-356. мақаласы дәлелдейді.</p>
	7.2. Тривиалды ма? 2) <u>жок.</u>	<p>Жұмыс тривиалды емес. Себебі, барлық жаңалықтар теория мен практиканың арасындағы байланысты талдай отырып, тұжырым жасалғандығымен дәлелденеді, яғни тек өзгенің тәжірибесі емес, өзіндік тәжірибенің басым болуы жұмыстың ұтымдылығын арттырып отыр.</p>
	7.3. Жаңа ма? 1) <u>ия;</u>	<p>Қағидалар жаңа деп тұжырым жасауға негіз бар. Себебі, төрт міндет бойынша алынған нәтижелер қорғауға ұсынылатын қағидалар негізінде көрініс беруі және қорытынды ұсыныстар жасауға алғышарт болғандығымен дәлелденді.</p>
	7.4. Қолдану деңгейі: 3) <u>кең.</u>	<p>Жұмыстың қолдану деңгейі кең деп танылады. Себебі, диссертациядағы барлық қағидалар мен тұжырымдар талапқа орай қажетті басылымдарда жарияланған.</p>
	7.5. Мақалада	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертант</p>

		дәлелденген бе? 1) <u>ия</u> ;	тарапынан жазылған 9 ғылыми мақалаларда, 1 оқу - әдістемелік құралында және 1 элективті курста жарияланып, дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі дереккөздер мен қсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1.Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) <u>ия</u> ;	Зерттеу барысында басшылыққа алынған әдіснамалық тұғырлар (жүйелілік тұғыр, мәдени -танымдық тұғыр, синергетикалық тұғыр, аксиологиялық тұғыр, құзыреттілік тұғыр) мен ұстанымдар ғылыми тұрғыда негізделген. Әдістер нақты жазылған және тиімділігі дәлелденген.
		8.2.Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ;	Диссертация жұмысының нәтижелері заманауи зерттеу әдістері мен мәліметтерді өңдеу әдістерін қолдану арқылы алынған. Математикалық зерттеу әдістері қолданылып, нәтижелері өңделген. Алынған зерттеу нәтижелері цифрлық технология арқылы сызба, кесте, диаграмма түрінде ұсынылған. Статистикалық өңдеуді өткізуге IBM SPSS Statistics 16 бағдарламасы қолданылған. Деректер базасы және диаграммалар Microsoft Excel бағдарламасында құрастырылып, өңделген.

		<p>8.3. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u>;</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған. Алынған нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденген.</p>
		<p>8.4. Маңызды дәлелдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер мен <u>расталған/ішінара</u> расталған.</p>	<p>Диссертант жұмыс жазу барысында өте ауқымды зерттеулер жүргізгенін алыс және жақын шетелдік әдебиеттердің кеңінен қолданылуы жұмыстың мазмұндылығын тереңдете түскендігін көрсетеді. Зерттеу мәселесінің ғылыми тұрғыдан ұстанымдылығын ғылыми саладағы көп әдебиеттердің талдануы дәлел болмақ. Осылайша ғылыми жұмыс әлемдік тәжірибелер мен тұжырымдарға негізделгенін дәлелдеп тұр.</p>
		<p>8.5. Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.</p>	<p>Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Барлығы қажетті деп танылатын және сенімді дереккөздер саны - 237 әдебиетті құрайды.</p>
9.	Практикалық	9.1. Диссертацияның	Диссертациялық жұмыс теориялық тұрғыдан

	құндылық принципі	теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ;	маңыздылыққа ие деп айтуға болады. Атап айтсақ: - Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негізделген. - «Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуеті» түсінігінің мәні нақтыланып, құрылымы анықталған. -Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту моделі құрастырылған.
		9.2.Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ;	Диссертацияның практикалық маңызы бар, себебі болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамытудың әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында тексерілген, ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленген.
		9.3. Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ;	Практикалық ұсыныстар <u>толығымен жаңа</u> : «Болашақ дене мәдениеті маманының кәсіби АКМЕ негіздері» элективті курсы жасалған;- «Кәсіби жетістік акмеологиясы» семинар практикумы әзірленген, «Болашақ дене мәдениеті маманының акмеологиялық әлеуеті: мазмұны, дамыту механизмдері» атты оқу – әдістемелік құрал әзірленген, болашақ мамандарды даярлауда цифрлық ресурстар енгізілген.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық сапасы: 1) <u>жоғары</u> ;	Диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес академиялық жазу сапасы жоғары.

Шешім: Колдасбаева Багила Джумабаевнаның 6D010800 – Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Болашақ дене мәдениеті және спорт маманының акмеологиялық әлеуетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Ғылыми дәреже беру ережесінде» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:
Қоркыт Ата атындағы Қызылорда
университетінің PhD докторы

Бекжанова Бахытжамал Жорабекқызы

